



Ибрагимов Р.,
Палымбет Н.Э.

**БАСТАУЫШ СЫНЫП
ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ӨЗІНДІК
ЖҰМЫСЫН
ҰЙЫМДАСТЫРУ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРИ**

*В данной статье рассматриваются
особенности организации
самостоятельных работ
по математике в начальных
классах обучения.*

*Peculiarites of organization of in
dependent work on mathematic
in elementary forms of teaching
are considered in this article.*

Оқушылардың өзіндік жұмысы – танымдық іс-әрекеттері формаларының бірі болып табылады. Соңдықтан, бұл жұмыстардың тиімділігі мұғалімнің осы іс-әрекетті инновациялық технологиялар арқылы дұрыс жоспарлау біліктілігіне байланысты болады. Қазіргі кезде оқытуға қойылатын негізгі талап – оқушылардың белсенді іс-әрекеттік сезімін оята отырып, жаңа инновациялық технологиялар арқылы өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру және оларды басқара білу. Ол біріншіден, оқушыларды өз бетінше іздендеретін, одан жаңа ақпарат алатындағы оқу материалын берудің құрылымын қайта құруды талап етеді. Екіншіден, оқушылардың өзіндік іс - әрекеттің деген мұғалімнің көзқарасын өзгертуді талап етеді. Яғни, мұғалім қазіргі күнде актер ғана емес, режиссер болуы тиіс екендейді айттында, оқытушы белсенді ғана емес, керісінше, оқушылардың өзі белсенді, жасампаз күш болатын, оқытудың ұйымдастырушысы және басқарушысы болуы қажет. Ол оқытудың әр кезеңінде: үй жұмысын тексерген кезде, оқушылардың жаңа білімді менгеруге дайындығы кезінде, жаңа білімді енгізіп, оны тұжырымдаған және оларға сүйенген кезде, алынған білімді қорытып, бір жүйеге келтірген кезде де көрініп отыруы керек.

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде оқушылардың өзіндік жұмыстарының әр түрлі жіктеулері көрсетіледі.

Р.М.Микельсон [1.28-29] өзіндік жұмыстарды: «Оқушылар тапсырманы ешқандай жәрдемсіз, бірақ, мұғалімнің бакылауында орындастырылған іс», - деп ескертеді. О.А.Нильсонның [2.76] пікірі бойынша: «Оқушылардың өзіндік жұмыстары - оқу іс-әрекеттерінің бір түрі болып, оқушылар оқытуышының жетекшілігінде ой және дене шеберліктерін іске салып, түрлі жекелік, топтық және жалпылық оқу тапсырмаларын орындауды».

Біздін оймызыша, бұл ұғымға педагог Б.П.Есипов [3] толық және дұрыс анықтама берген: «Тәлім үрдісіндегі оқушылардың өзіндік жұмыстары сондай жұмыстар болып олар оқытуышының қатынасуының орындалады. Мұнда оқушылар өздерінің қүштерін жұмсап және олай немесе былай ой және дене іс әрекеттерінің нағайкасында, тапсырмада койылған мақсатқа жету үшін саналы түрде әрекет жасайды».

Бұл пікірлерде өзіндік жұмыстың толық мазмұны мен маңыздылығы ашып көрсетілді



деген ойдан алшақпаз. Біздін ойымызша, өзіндік жұмыстарды орындауда окушы саналылық операцияларын колдануды білуі керек (анализ, синтез, салыстыру, нақтылау, жинақтау, жалпылау т.с.с.)

Ен керектісі, окушы мәселеге шығармашылықпен қарап, өз пікірін еркін айтада алуы тиіс. Бұл баланы әрбір мәселені ой толғап шығармашылықпен шешуге үйретеді.

Педагогикада окушылардың өздігінен орындаітын жұмыстары деп берілген тапсырманы (жаттығуды, есепті, мысалды т.с.с.), мұғалімнін басшылығымен онын тікелей қатысуының, окушылардың өздері атқаратын жұмыстарды айтады. Окушылар өздігінен орындаітын жұмыстар жөнінде сез қозғаңда, онын өзара тығыз байланысты екі міндеттін ескерген дұрыс. Бұл міндеттердің біріншісі – окушылардың танымдық қызыметіндегі дербестікті дамыту және одан өрістету, оларды білімді өздігінен игеруге, дүниеге көзқарастарын қалыптастыруға үйрету; екіншісі – окушылардың алған білімін өздігінен іс жүзінде қолдана білуге баулу.

Окушылардың өздігінен атқаратын жұмыстары олардың ой енбегін жандандыруға бағытталған және мұғалімнін берген тапсырмаларын ен тиімді тәсілдерін өздеріне іздендіру арқылы орындау болады.

Мысалы, математика сабактарында окушылар өздігінен орындаітын жұмыстарды билай жіктеуге болады: оқулықпен, оқу құралдарымен және басқа анықтама әдебиеттермен жұмыс істеудін, есеп шығаруға арналған жұмыстардың әр алуан түрі; үlestірмелі материалмен жұмыс істеу, сабакта өздерінін жолдастары берген жауапты толықтыру; математикалық конференцияларда жасаған баяндамаларға немесе хабарламаларға пікір айтуда; жеке немесе топтық тапсырмаларды орындау; рефераттар жазу; кейбір көрнекі құралдарды (плакаттар, схемалар, альбомдар) жасау; экскурсия кезінде өлшеуге, сыйзуға немесе есептеуге байланысты практикалық жұмыстар орындау.

Математика сабактарында окушылар өздігінен орындаітын жұмыстардың ауызша және жазбаша, сыйнаптағы немесе үйдегі, жалпы сыйнаптық, топтық, жаппай және жеке түрлері пайдаланылады.

Оку материалының мазмұнына, онын оқулықта баяндалу ерекшеліктеріне, қолда бар оку жабдықтарына және басқа факторларға сәйкес дидактикалық принциптерді басшылыққа ала отырып, мұғалім оку процесінде өздігінен орындаітын жұмыстардың әр түрін немесе олардың үйлесімділірін колдануды жоспарлауды тиіс. Окушылар өздігінен орындауға берілетін тапсырмалар айқын мақсатты көздеуі және олардың ынтасын арттыруы шарт. Соңдықтан окушылардың ынтасын арттыру үшін берілетін тапсырмалардың тың материалдан тұруы, практикалық қолданыстары анық, зерттеу сипатында (әсіресе жоғары сыйнаптарда) болғаны орынды. Сонымен бірге, окушыларға тапсырма бергенде материалды бірте-бірте курделендіру, олардың шығармашылық белсенділігі, жеке бас ерекшеліктері, жалпы математикалық мәдениеті тәрізді факторларға назар аударған дұрыс.

a) Окушылардың сабакта өздігінен орындаітын жұмыстарын тиімді үйлімдастыру үшін пәндей кабинеттерде дидактикалық материалдарды, үlestірмелі материалдар, баспа негізделгі дәптерлер т.б. оку құралдары, техникалық құралдар, компьютерлер жинақталуды керек.

Дегенмен окушыларға оқулықпен жұмыс істеуді үйретудін орны ерекше. Барлық ғылыми - техникалық білімнін көзі – кітапқа, онын ішінде оқулыққа окушылардың сүйіспеншілігі мен құрметтін арттыру, олармен өздігінен жұмыс істеуді үйрету мұғалімнің басты міндеттінін бірі. Басқа пәндер сияқты, математика оқулығы теориялық және практикалық материалдарды қамтиды және окушылардың жалпы жас ерекшеліктерін ескергенімен, олардың жеке бастарындағы, жалпы дайындық денгейлеріндегі алшақтықтарды ескермейді. Оқулықтың, басқа қосымша оку құралдарының ерекшелігі - жалпы орта білім берудін мемлекеттік жүйесінде қабылданған математикалық білімнін денгейін, көлемін және құрылымын анықтайды. Дәллек айтқанда, оқулық – оқыту ісінде бас тартуға болмайтын мемлекеттік құжат. Соңдықтан мұғалім математика оқулығының, басқа оқу құралдарымен салыстырғандағы жетістіктері мен кемшіліктерін, методикалық құралдарда ұсынылатын кейбір қағидаларды қолдану ерекшеліктерін жақсы білуі тиіс. Сонымен бірге ғылымның дамуын көрсету үшін, окушыларға жеке ықпал жасауды үшін оқу материалын ғылыми-методикалық және ғылыми-бұқаралық әдебиеттердегі материалдармен ұдайы сабактастыра оқытып отырса нұр үстіне нұр болар еді. Әсіресе, бұл бағыттағы жұмыстарды үйлімдастыруды электрондық оқулықтардың ролі үлкен. Әр сыйнап оқулықтары қажетіне қарай орындалуға тиісті жаттығулармен, есептермен, практикалық тапсырмалармен, суреттермен графиктермен қамтамасыз етілген.



Методикалық түрғыда бұлар өзін-өзі ақтаған материалдар, сондықтан оларды оқу процесінде тиімді пайдалану керек. Оқушыларды оқулықпен жұмыс істеуге үйрету үстінде математикалық тексті талдау, ен маңыздысын бөліп көрсету, оларға сұрапқа қоя білу, сұрапқа жауап берे білу, жауаптардың жоспарын жасау, таблицалар мен суреттердегі қажетті мәліметтерді іздей білу, сызбаларды оқи білу сияқты маңызды мәселелердің назардан тыс қалмауы керек. Тексте баяндалған мағлұматтарға зейін қоя білу, параграфтың сонында берілген немесе мұғалім қойған сұраптарға текстен жауап іздеу, графиктермен таблицалардан мәліметтер ала білу, алфавиттік көрсеткіштерді пайдалану сияқты оқулықпен жұмыс істеудің алғашқы машиқтары 4-5 сыныптарда-ак қаланады. Сондықтан, электрондық оқулық және электрондық әдістемелік нұсқауларда оқушылардың өзіндік жұмыстарына аса назар аударылған болуы керек. Айтып беруге тиісті материалдық жоспарын құруды үйрету ісін, алдымен, мұғалімнің басшылығымен және көмегімен сабак үстінде басқарған жән. Бұл оқушылардың математикалық зейін қоя оку, оқығандарын ой елеғінен өткізу, талқылау және ой түю машиқтарын шындауға көмектеседі. Осыған орай, окудағы теориялық материалмен жұмыс барысында мынадай тапсырмаларды орындалады.

- 1) анықтамамен жұмыс істеу: анықтаманы оку (мұндай тапсырма ұғымын анықтамасын сонынан талқылауды көздейді);
- 2) жоспар бойынша оқығандарды айтып беру;
- 3) сұраптарға жауап беру;
- 4) мәтінді оқу, ондағы ен маңызды мәселені бөліп көрсету;
- 5) мәтінді оқу және жоспар құру;
- 6) оқулықта берілген материал негізінде таблицаларды, схемаларды, графиктерді құру.

Әсіресе, мәтіннің жоспарын құруға оқушының өзін үйрету керек.

Жоғары сыныптарда шығармалардан гөрі құрделірек, әрі теренірек жұмыстар орындауға машиқтандырған дұрыс. Әрине, бұл үшін оқушылар қосымша ғылыми-анықтамалық немесе ғылыми-бұқаралық әдебиеттермен жұмыс істеуі тиіс. Алғашында оқушыларға қосымша әдебиеттерді ұсынып, көрсетіп отырса, сонында олардың өздеріне таңдаттыру керек. Қосымша әдебиеттерді таңдаудың өзі дербестіктің элементі. Сондықтан қосымша әдебиеттермен жұмыс істеу кезінде мынадай тапсырмалар арқылы бағыт-бағдар беріп отырған жән:

- 1) оқып білген мағлұматтарды оқулыктармен салыстыру;
- 2) есеп шығарудың, теоремаларды дәлелдеудің жаңа тәсілдерімен таныстыру;
- 3) тақырып бойынша оқушылардың ой-әрісін көңейту;

4) оқыған материалдар бойынша реферат жаздыру, жаңаша пікірлеуге мәжбүр ететін фантазиялық идеялар беру және т.б.

Оқулықпен жұмыс істеген кезде олардың оқушыларды кітаптың мазмұны және атау көрсеткішімен таныстырудың зор мәні бар. Бұл үшін алдымен оқулықтағы қажетті материалды көрсетуді оқушылардан талап ететіндей жағдайды әдей туғызады. Бұл жағдайда электрондық оқулықтардың оқушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастырудың рөлі өте үлкен болады.

Кітап оқығанда суреттермен немесе графиктермен жұмыс істеудің рөлі ерекше. Олар көп ретте есептің шешуін оқушылардың өздігінен табуына және теориялық есептерден қолданымды есептерге көшуге көмектеседі. Электрондық оқулықтарда анимациялармен жұмыс істеу тиімді.

Ұғымдарды дұрыс менгеріп, түсіну үшін оқушылар өрдайым сөздіктерден, анықтамалардан қажетті мән-мағынасын өздігінен іздең табуға машиқтануы керек.

Оқушыларды кітаппен жұмыс істеуге үйрету ісі тек ұдайы жүйелі жұмыс жүргізгенде ғана өз жемісін береді.

ә) Оқушылардың үйде өздігінен жұмыс істеуі математика курсын игеру процесінін маңызды да қажетті бөлігі. Үй тапсырмасының тиімділігін арттыру үшін оқулықтың тиісті параграфын оқытумен, есебін шығарумен шектелмей, көрініше, оны түрлендіріп отыру қажет. (Мәселен, математика тарихы, жеке математиктердің өмірінен мағлұматтар, әр түрлі модельдер жасау, схемалар мен графиктер сизу, қызықты есептер шығару, есеп құрастыру және т.б.).

Үй тапсырмаларының тиімділігін басты шарты – барлық оқушының тапсырманы ұқыпты да сөзсіз орындауы. Бұл тапсырманы орындаудағы дербестіктің деңгейін үтеге берілген есепке ұксас



есептерді сыныпта шығару, үйге тапсырылған материал бойынша математикалық диктант, конспекті жаздыру және т.б. жолдармен анықтайды.

Оқушыларға шамадан тыс тапсырма беріп қындық туғызбас үшін үй тапсырмасының мазмұнын толық әрі анық тұжырымдап, кездесетін қындықтарды атап айтып, оларды менгерудін жолдарын көрсетіп отырған пайдалы. Егер мұғалім сыныпта өткен материалды оқулықпен немесе ондағы қосымша мағлұмматтармен байланыстырмаса, сыныпта шығарған есептерге ұксас есептер бермесе оқушылар сөзсіз қындыққа ұшырайды.

Жалпы сыныпқа ортақ тапсырмалармен бірге, оқушылардың жеке ерекшеліктеріне сәйкес тапсырма берудін маңызы зор. Математикаға ерекше икемі бар оқушыларға әр түрлі тақырыпқа шығармашылық тапсырмалар беріп, зерттеу сипатындағы есептер шығарғанда, баяндама немесе реферат жазғанда ерекше қамкорлық көрсетудін орны бөлек.

Үйге берілетін тапсырманың көлемі мен сипаты әрбір жеке жағдайға (сыныптың даярлығы, жас ерекшеліктері) байланысты оку жоспарымен анықталып отырады. Дегенмен, үйге тапсырманың шамадан тыс берілуі оқушыларды жақыттырып жіберуі немесе уақытын көп алуы мүмкін. Дұрыс үйлімдастырылған үй тапсырмасы оқушылардың жауапкершілігін арттырып, өздігінен білім алу дағдыларын қалыптастырады.

б) *Оқушылардың өздігінен орындаитын жұмыстарының бірі – шығармашылық жұмыс.* Математикадан өздігінен шығармашылық жұмыс орындау оқушылардың пәнге ынтасын арттырып, ізденгіштік қасиеттерін тәрбиелеп, математикалық ой-өрісін дамытады. Шығармашылық жұмыстарды орындау барысында оқушы оқып үйренген теорияның не есептің жаңа қырларын ашады, өз ой-пікірін айтады, табылған мәліметтер бойынша байсалды қорытынды жасауға үйренеді. Мұның өзі оку процесінде оқушылардың шығармашылық қызметіне ерекше мән беру қажеттігін көрсетеді. Әдетте, оқушылардың шығармашылық жұмысына мынадай жұмыстар жатады:

- 1) үйреншекті тәсілдерді колданбай есеп шығару немесе теореманы дәлелдеу;
- 2) бір есепті бірнеше тәсілмен шығару;
- 3) есепті не мысалды оқушылардың өздеріне құрғызу;
- 4) математикалық шығармалар жаздыру;
- 5) оқушыларға баяндама және реферат даярлату және т.б.

Орындалу уақыты жағынан шығармашылық тапсырмалар әр түрлі болады. Осындағы тапсырмалардың бірі математикалық шығармалар жаздыру.

Егер оқушы математикалық шығарма жазғанда ізденгіштік танытса, қайсыбір фигураның қасиеттерін анықтаса, математикалық сөйлемдерді өздігінен дәлелдесе, онда ол жұмыс соғұрлым құнды әрі қызықты болмақ. Бұл бағытта салу есептерінің, әріп коэффициенті тендеулер жүйесін шешіп, зерттеудің берері мол.

Математикалық шығарма жазу оқушылардан:

- 1) қосымша әдебиеттер окуды;
- 2) оқыған материалдарды қорытуды;
- 3) жазба тілдің қалыптасуын;
- 4) жазғандарын көркемдеуді талап етеді.

Сондықтан мұғалім қажетті әдебиеттердің тізімін оқушыларға берумен бірге, оларды зейін қоя оқуға, оқыған материалдарын өз сөздерімен конспектілеуге, түйінді мәселелерін бөліп алуға, оларды рет-ретімен жазбаша баяндауға баулыған жөн.

Математикалық шығарма жазу мерзімі әдетте 1–1,5 айға созылады. Осы уақыт аралығында оқушыға ауық-ауық кеңестер, консультациялар беріп тұрған абзал. Математикалық материалды сапалы игеру негіздерінің бірі – оқушылардың өздігінен істейтін жұмыстарының арасына тығыз байланыс орнату, олардың сабактастығын нығайту болып табылады.

в) *Оқушылардың өздігінен жұмыс істеу іскерлігін шындаудың бір тәсілі математикалық жазба дәптерді немесе математикалық блокнотты пайдалану.* Бұл дәптерге оқушы алдымен тақтаға жазылғандарды: сабактың тақырыбын, жоспарын және өтілген күнін, кездескен жана терминдер мен символдарды, интернационал сөздердің мағынасын, қорытылған формуланы көшіріп жазады, графиктерді сызды. Сонында қорытындыны жазу керек, мұның өзі жалпы әсердің тұтастығын сактауға көмектеседі. Сонымен бірге бұл дәптерге ғылым мен техника жаңалықтарын, математиканың жаңа колданымдарын, математик – ғалымдардың өмірінен қысқаша мағлұмматтар



жазылғаны жөн. Үй тапсырмасын мына тәртіпте орындауды ұсынуға болады, дәптердегі жазбаларды кайта қарау, сөйтіп, жазба бойынша сабактың барысын еске түсіру, қажетті материалды оқулықтан оқып, жазбамен салыстыру, математикалық сөйлемдерді, формуулаларды, қорытындысын жаттап алу, ақырында оку материалын ой елеғінен өткізіп өзін өзі тексеру. Жазба дәптерді ұдайы пайдалану оқушылардың іс-әрекетінде қосымша әдет туғызды, әр түрлі математикалық факторларды есте ұстауға көмектеседі, оқушының жеке «сөздігі», «анықтамалығы» пайда болады. Сөйтіп, арнайы жазбалар арқылы окушы өзінін ақыл-ой қызметін тәртіпке келтіреді, уақытын үнемдейді, жазба тілін дамытады, ой-пікірін қысқаша баяндауға машиқтанады.

Әдебиеттер:

1. Микельсон Р.М. Самостоятельная работа учащихся в процессе обучения. - М.: Учпедгиз, 1940.
2. Нильсон О.А. Теория и практика самостоятельной работы учащихся. - Таллин-Валгус, 1970.
3. Есипов Б.П. Самостоятельная работа на уроках. - М.: Учпедгиз, 1961.